



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№2 (1960) 27 ҚАҢТАР 2025 ЖЫЛ

ҚазҰУ BETT 2025 көрмесіне

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ұлыбританияның Лондон қаласындағы ExCel орталығында өткен BETT 2025 – білім беру технологиялары секторына арналған халықаралық көрмеге қатысты.

ҚАТЫСТЫ



лана отырып, мұнай-газ саласында модельдеуді оқыту», «Гибридті интеллектуалды роботтық жүйелерді құру мақсатында ымдау тілін тануға арналған терең оқыту моделі»

және басқа да ғылыми жобаларды ұсынуда.

Faraby суперкомпьютер орталығында әлемдегі ең үздік 600 суперкомпьютер тізіміне кіретін ірі қондырғы орнатылған. Ол деректерді жасанды интеллект технологиялары, мұнай-газ саласы, энергетика, ауыл шаруашылығы, Жерді қашықтықтан зондау, 3D модельдеу бойынша топтастырады. Ал Farabi Robotics мақсаты – өнеркәсіптік кәсіпорындарға қолданбалы тәжірибені оқшаулау, масштабтау және Индустрия 4.0 салаларында оқыту арқылы әлемдік деңгейдегі технологияларды игеруге көмектесу.

Жалғасы 2-бетте



Халықаралық рейтингтегі жаңа жетістік

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Times Higher Education by Subject пәндік рейтингінде алғаш рет «Білім беру» бағыты бойынша 501-600 орында тұрған университеттер қатарына қосылды. Аталған нәтиже оқу ордасының білім беру бағдарламалары мен ғылыми зерттеулерінің жоғары сапасын көрсетеді.

Сондай-ақ ҚазҰУ «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» бағытында 501-600 орынға, «Әлеуметтік ғылымдар» бойынша 601-800 орынға орналасты. Бұл жетістік университеттің халықаралық интеграцияға және жоғары академиялық білім деңгейіне деген ұмтылысын дәлелдейді.

Бұған қоса, білім ордасы «Бизнес және экономика», «Медицина» пән-

дері бойынша 601-800 орындағы өз позициясын сәтті сақтап, «Өмір ғылымдары» бағытында 801-1000 орынға көтерілді. Аталған көрсеткіш ҚазҰУ-дың білім беру бағдарламаларының тұрақтылығы мен сапасын айқындайды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымын жаңа жетістігімен құттықтаймыз!



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Ұлыбританияда өткен BETT 2025 халықаралық көрмесі аясында шетелдік студенттерге арналған барлық партиялық парламенттік топтың (APPG) қазынашысы, Web 3.0 бойынша APPG төрағасы, саясаткер Манзила Уддинмен кездесті.

Ұлыбритания ЖОО-ларымен әріптестік

шетелдік жоғары оқу орындарымен ғылыми-білім беру кеңістігінде мол тәжірибесі барын атап өтті.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 27 мыңнан астам студент білім алады. Оның 4000-нан астамы шетелден келген. Бүгінде ҚазҰУ Ұлыбританияның 11 университетімен әріптестік байланыс орнатқан. 2024 жылы ҚазҰУ-дың бес студенті, алты докторанты және 15 оқытушысы Ұлыбритания университеттерінде өткен түрлі конференцияларға,

біліктілікті арттыру курстарына қатысып, тағылымдамадан өтті. Сондай-ақ 2021-2024 жылдары білім ордасына Ұлыбританияның сегіз ғалымы келіп, дәріс оқыды. Алдағы уақытта да Ұлыбритания ЖОО-ларымен ынтымақтастықты жандандыруды көздеп отырмыз», – деді ректор.

Өз кезегінде Манзила Уддин Ұлыбритания мен ҚазҰУ арасындағы серіктестікті арттыруда бар күш-жігерін салатынын жеткізді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ




2-бет **Биркбек университетімен байланыс**



3-бет **ҚазҰУ түлегі құрметке бөленді**



6-бет **Верность своей профессии**



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Журналистік білім беру мен ғылыми-ның сабақтастығы: жаңа ұстанымдар және өзекті зерттеулер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Аталған іс-шара ҚР еңбек сіңірген қайраткері, журналист, қоғам қайраткері, ғалым Намазалы Омашевтың 75 жылдық мерейтойына және ғылыми-педагогикалық қызметінің 50 жылдығына арналды.

Журналистиканың өзекті мәселелері қарастырылды



Жиынға ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Дархан Қыдырәлі, Парламент Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан, ҚР ҰҒА академигі, профессор Бауыржан Жақып, Айтыс ақындары және жыршы-термешілердің халықаралық одағының төрағасы Жүрсін Ерман, жазушы, абайтанушы Тұрсын Жұртбай, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар, оқу ордасының оқытушылары мен студенттер қатысты.

Халықаралық конференцияда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын Мәлік Отарбаев оқып берді. Құттықтау хатта: «Намазалы Омашев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұзақ жыл бойы

жауапты қызметтерді абыроймен атқарып, жоғары білім саласын ілгерілетуге зор еңбек сіңірді. Көптеген теориялық еңбектер жазып, ғылымды дамытуға белсене атсалысты. Сіз тәрбиелеген шәкірттер бүгінде түрлі салада табысты жұмыс істеп жүр. Ел руханиятын өркендету жолындағы қажырлы қызметіңіз үшін ризашылығымды білдіремін», – делінген.

Парламент Сенатының депутаты Дархан Қыдырәлі ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың хатын оқыды. «Сіз Қазақ радиосынан бастаған еңбек жолыңызда толайым табыстарға қол жеткіздіңіз. Қазақстан мен Орталық Азия елдеріндегі журналистиканы ілгерілетуге зор үлес қостыңыз. Сіздің ғылымдағы жетістіктеріңіз бір төбе»,

– делінген Мәулен Әшімбаевтың хатында.

Өз кезегінде ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев арнайы жолдаған алғыс сөзінде: «Намазалы Омашұлы ЮНЕСКО-ның бұқарамен байланыс және журналистика кафедрасының негізін қалап, Журналистика мәселелерін зерттеу институтының директоры ретінде өзіндік мектебін қалыптастырды. Декандық қызметте жаңа кафедралардың, заманауи мамандықтардың, теле-радио студиялардың, компьютерлік сыныптардың, арнайы аудиториялардың ашылуына ықпал етті. Терең ізденістеріңіз бен бүгінге дейін қол жеткізген табыстарыңыз халықаралық ғылыми қауымдастықта мойындалып, жоғары бағаланды», – деп атап өтті.

Сондай-ақ іс-шара барысында ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановтың, «Қазақстан» РТРК» АҚ басқарма төрайымы Ләззат Танысбайдың құттықтау хаттары оқылды.

Конференцияда Бауыржан Жақып, Жүрсін Ерман, Ұлықбек Есдәулет, Сауытбек Әбдірахманов сөз сөйлеп, Намазалы Омашевтың қайраткерлік және азаматтық болмысына тоқталды.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ

ҚазҰУ BETT 2025 көрмесіне қатысты



Соңы. Басы 1-бетте

Университеттің заманауи АТ-инфрақұрылымы негізінде ҚазҰУ-дың ақпараттандыру стратегиясы, оқу процесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу, қаржы-экономикалық қызметі мен құжат айналымы автоматтандырылды.

Жаппай ашық онлайн курстарды жазу студиясында (ЖАОК) университеттің білім беру процесіне жаппай ашық онлайн курстарды әзірлеу және интеграциялау жүзеге асырылады.

«Гибридті интеллектуалды роботтық жүйелерді құру мақсатында ымдау тілін тануға арналған терең оқыту моделі» жобасының мақсаты – қимылдарды тану-

дың дәлдігі мен тиімділігін арттыру.

Аталған жүйе MediaPipe және long-Short term Memory (LSTM) сияқты қайталанатын нейрондық желілерді пайдаланатын гибридік модельге негізделген. Жоба қазақ тілінің динамикалық қимылдарын нақты уақыт режимінде тану жүйесін әзірлеуге бағытталған.

BETT 2025 ауқымды халықаралық іс-шарасы жетекші сарапшылармен танысу, білім беру саласындағы жаңа ғылыми өзгерістер, өзара тиімді келісімдер жасасу, бірлескен инновациялық жобаларды іске асыру бойынша университетке жаңа мол мүмкіндіктер бермек.

Айнұр АҚЫНБАЕВА



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Ұлыбританияда өтіп жатқан BETT 2025 халықаралық көрмесі аясында Биркбек университетінің вице-канцлері, профессор Сали Уилермен кездесті.

Жүздесу барысында таараптар серіктестікті арттыру жолдарын талқылап, бірқатар мәселелерді ортаға салды. Сондай-ақ қос университет басшылығы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Биркбек университетімен байланыс

Келіссөз нәтижесі бойынша ҚазҰУ Биркбек университетімен академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқытушылар мен студенттер алмасу, ортақ ғылыми жобаларды жүзеге асыру, ғалымдарды тағылымдамадан өткізу бойынша бірлескен жұмысты іске асырады.

ЖОО басшысы Жансейіт Түймебаев Салли Уилерге ҚазҰУ-дың ғылыми әлеуетін таныстырып, оқу ордасының жетістіктеріне тоқталды. Өз сөзінде ректор алдағы уақытта қосдипломдық білім беру

бағдарламасын іске қосуды және студенттер үшін арнайы көрме мен фестиваль өткізуді ұсынды.

Өз кезегінде Салли Уилер білім ордасына жасаған сапары үшін Жансейіт Түймебаевқа алғысын жеткізді. Вице-канцлер айтылған барлық ұсыныстарды қолдайтынын жеткізіп, екі университет арасындағы әріптестік байланыс алдағы уақытта да дамып, беки түсетініне сенім білдірді.

Нұрсұлтан
ЖЕКСЕНБАЕВ



ҚазҰУ тұлғегі құрметке бөленді

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да филология факультетінің тұлғегі, ҚР мәдениет саласының үздігі Қайырниса Жұмашева студент жастармен кездесті.



Жиналған қауым алдында сөз сөйлеген ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев алдымен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді. «Қайырниса Аманқызы, сіз



Қазақстан жазушылар одағында ұзақ жыл жемісті еңбек етіп, қазақ әдебиеті классиктерінің таңдамалы шығармаларының жинақтарын шығаруға, мерейтойлық және басқа іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге белсенді атсалыстыңыз. Қоғамда кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға қосқан елеулі үлесіңіз үшін сізге алғысымды білдіремін. Өзіңізге зор денсаулық, жұмысыңызға табыс, отбасыңызға амандық тілеймін», – делінген құттықтау хатта.

Сондай-ақ жиында ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Қайырниса Аманқызының адами болмысы мен қайраткерлік қырларына тоқталып, мәдениет саласының үздігіне «Алтын барыс» төсбелгісін табыстады.

Өз кезегінде Қайырниса Жұмашева жиынға қатысушылардың баршасына алғыс білдіріп, студент жастардың сауалдарына жауап берді.

КазГУ. Қара шаңырақ



Қарт КазГУ, қала КазГУ, дәуір КазГУ, Туғанындай түлеткен бауыр КазГУ. Жақындасам жылдарға ала қашар, Алыстасам сағынар – ауыл КазГУ.

Бұлтты түріп бағыттап, талап бердің, Қадамды сәт сайын санап келдің. Тасырқасам тастақта таға байлап, Зеңгір көкке қалықтар қанат бердің.

Маңдайынан сипадың кекілдісін, Сенде өткізді таң, күн һәм екіндісін. Бауырыңда жараған балғындарды, Кіндігіңнен жаратқан секілдісін.

Ай мен Күннің сәулесін шағыстырған, Ауылында сезімнің алыстырған. Магнитті өрістей баурап алып, Ғашықтардың жүрегін табыстырған.

Жақын барын сездірдің, алыс барын, Қуат алдым өзіңнен, қарыштадым. Жинап алып еркесін бір-бір үйдің, Серке қылып шығарған данышпаным.

Тола берсін қойнауың, төсіңе құт, Фарабидей бабамның көшіне еріп, Шапанының шалғайын пана тұтып, Сәлдесінде оралып өсіп едік.

Тірі тарих, шәкірттер аршымаған, Ұстаздарым – бір-бір Алтын адам! Бас ұямның білтелі шамшырағы, Азияның төрінде жарқыраған!

Құшағыңда сайрандап, сауындаттым, Дауылдатып, селдетіп, жауындаттым. Айдынында тербеліп махаббаттың, Ғашық болып жар сүйіп, бауыр таптым.

Қуандырған, мұңайтқан, елжіреткен, Достарым да қатарын селдіреткен... ...Қалашықта келемін ұл-қызыммен, Жастығымның жалауын желбіреткен.

Жанарбек ӘШІМЖАН,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, ҚазҰУ-дың 1999 жылғы тұлғегі

Қонақүй бизнесіндегі ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Рекреациялық география және туризм кафедрасының ұйымдастыруымен Түркияның беделді қонақүй желілерінің басшыларымен кездесу өтті.



Түрік қонақүйлерінің менеджерлері басқару стратегиялары және жоғары деңгейлі қызметтерді ұсыну тәсілдері бойынша өз тәжірибелерімен бөлісті. Қатысушылар қонақжайлылық индустриясындағы негізгі үрдістерді, тұтынушыға қызмет көрсету сапасын артты-

ру әдістерін талқылады. Спикерлер жиналғандарға қонақүй бизнесіндегі инновациялық технологиялар, тұрақты даму және экологиялық бастамалар туралы айтып, халықаралық командаларды және мәдени әртүрлілікті басқару бағытында ақпарат берді.

Тәжірибе алмасу бойынша дәріс Тұрақты даму мақсаттарының №4 – «Сапалы білім», №8 – «Лайықты еңбек және экономикалық өсу» бағыттарын іске асыру аясында өтті.

Сондай-ақ кездесу география және табиғатты пайдалану факультетінің түлектері мен студенттерінің жұмысқа орналасу пайызын арттыруға да бағытталған. Іс-шара Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың адами капиталды дамытуға, білім беру сапасын арттыруға және инновацияларды қолдауға бағытталған жолдауының негізгі ережелерімен де үйлеседі.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Іс-шараға атақты түрік қонақүйлерінің топ-менеджерлері: Papillon Zeugma Luxury hotel Tuna Nural операциялық менеджері, Ethno Hotels және Adalya Hotels ішкі аудит бөлімінің бастығы Гюрбуз Пусатли, Titanic Hotels бас менеджері Сурея Ертугрул, география және табиғатты пайдалану факультетінің оқытушылары мен студенттер қатысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Атом саласы үшін кадрлық әлеуетті қалыптастыру: мамандарды даярлаудағы заманауи сын-қатерлер мен инновациялық тәсілдер» тақырыбында «Физика және химия ғылымдары» бағыты бойынша кадрлар даярлау жөніндегі оқу-әдістемелік бірлестіктің отырысы (ОӘБ) өтті.

Іс-шара Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің, ҚР Энергетика министрлігінің, «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының, Ядролық физика институтының, ҚАЗЭС ЖШС, ҚР Ұлттық ядролық орталықтың, Ядролық технологиялар қауіпсіздігінің ғылыми-техникалық орталығының, Қазақстанның ядролық қоғамының, Әл-Фара-

Атом саласы үшін кадрлар даярлау МАҢЫЗДЫ

би атындағы ҚазҰУ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ, Шәкәрім атындағы университет, С.Аманжолов атындағы ШҚУ, АЭЖБУ, МИФИ Ұлттық ядролық ғылыми-зерттеу университетінің Алматы филиалы, Astana IT университеті және т.б. ұйымдардың қатысуымен өтті.

Қатысушыларды құттықтай отырып, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Алтай Қазмағамбетов елдегі атом саласының белсенді дамуына орай, осы бағытта тиімді жұмыс істеуге, ядролық нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және инновациялық технологияларды әзірлеуге қабілетті жоғары білікті мамандарды



даярлау қажеттігін атап өтті. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультеті базасында ядролық

физика және технологиялар саласындағы ғылыми зерттеулер мен білім беру бағдарламалары үшін платформа құ-

ра отырып, атом саласы үшін кадрлар даярлауда шешуші рөл атқарады. Университет халықаралық ғылыми-білім беру орталықтарымен белсенді ынтымақтасады.

ҚР Энергетика министрлігінің Атом энергетикасы және өнеркәсіп департаментінің директоры Ғұмар Серғазин сөз сөйледі. Ол Қазақстан уран өндіру бойынша көшбасшылардың бірі бола отырып, ядролық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық бастамаларға белсенді қатысатынын атап өтті.

Отырысқа қатысушылардың пікірінше, АЭС салу Қазақстанның энергетикалық тәуелсіздігін нығайтады және 2060 жылға дейінгі көміртекті бейтараптық стратегиясын іске асыру жолындағы негізгі қадам бола отырып, ел экономикасы үшін елеулі мультипликативтік әсер әкеледі.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Әділетті мемлекет дегеніміз —

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатындағы көтерілген көптеген өзекті мәселелерге байланысты өзімнің ойымды айтуды жөн санадым.

Шын мәнінде 27 миллион тоннаға жуық астық жинаған диқандарымыздың жетістігі айрықша. Бұл соңғы 10 жылда болмаған көрсеткіш. 2024 жылдан бастап «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында балаларға төлем беріле бастады. Зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртқақы және азаматтық сала қызметкерлерінің жалақысы көбейді.

Елімізде шетелдің 10-нан астам беделді жоғары оқу орнының бөлімшелері ашылды. Соның ішінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің базасында инженерлік мамандықтар бойынша магистрларды даярлау үшін ҚХР-дың Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалы және РФ-ның МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университетінің филиалы ашылғанын атап өткеніміз жөн.

Жыл сайын елімізде ғылымды қаржыландыру көлемі артып, мәдениет саласының қызметкерлеріне елеулі қолдау көрсетіліп жатыр. Әлемдегі аса күрделі геосаяси ахуалға қарамастан, біздің еліміз бейбітшілік үшін диалог орнату жолында тиімді рөл атқаратын мемлекет ретінде халықаралық аренадағы позициясын күшейтті. Бұл жағдай еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және экономикамызды орнықты дамытуға септігін тигізетіні сөзсіз.

Мемлекет басшысы былтырғы су тасқынына байла-

нысты атқарылған жұмыстарға да тоқталып өтті. Атап айтсақ, апаттан құтқару жұмыстарына Төтенше жағдайлар министрлігінің ғана емес, Ішкі істер және Қорғаныс министрліктерінің, Ұлттық ұланның және басқа да құрылымдардың қызметкерлері, жалпы саны 63 мыңға жуық адам жұмылдырылды. Соның арқасында жұртшылықты құтқарып, аман алып қалдық. Су тасқыны кезінде волонтерлер қозғалысының әлеуеті зор екенін көрдік. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген еріктілер құтқарушыларға жәрдемдесті, гуманитарлық көмек ұйымдастырып, зардап шеккендерге қолдау көрсетті. Бір сөзбен айтқанда, бір ел болып және бір халық болып жұмыла білсек қана мұндай апаттарды еңсере алатынымызға бәріміз көз жеткіздік.

Бытыр елімізде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталды. Игі бастама барлық өңірді қамтыды. Бұл акцияға 3,8 миллионға жуық адам қатысты. 1,5 миллион тоннадан астам қоқыс жиналып, 3,2 миллионнан астам көшет егілді. Осының өзі азаматтарымыздың сана-сезімі жоғары, олардың Қазақстанды өзгертуге нақты іспен үлес қосуға дайын екенін көрсетеді. Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» акциясы қоғамға экологиялық мәдениеттің жаңа талаптарын енгізу идеясынан бастау алатынын, бұл кезекті бір науқан емес, озық ойлы қоғам қалыптастыру жолындағы идеологиялық платформа екенін атап өтті.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев үш жыл бұрын болған қаңтар оқиғасы-



на да тоқталды. Қаңтар оқиғасынан үш жыл өткенде азаматтарымыздың көпшілігі елімізде бұрын-соңды болмаған осы дүрбелең көпе-көрінеу әлеуметтік әділетсіздіктің, саяси тоқыраудың, сондай-ақ қаскөйлердің шектен тыс менмендігінің және олардың халық пен мемлекет тағдырына немқұрайды қарауының кесірінен орын алғанына әбден көз жеткізді.

Мемлекет басшысының айтуынша, біз халықтың берекелі бірлігінің арқасында осы ауыр сынақтан сүрінбей өттік. Қаңтардағы оқиғадан бәріміздің зор сабақ алғанымыз сөзсіз. Біріншіден, билік жұдырықтай жұмыла білуге тиіс, қосарланған билікке ешқашан жол берілмеуі қажет. Екіншіден, Президент – «Құдайдың жердегі көлеңкесі» емес, мемлекетті басқару үшін белгілі бір мерзімге сайланған менеджер ғана. Үшіншіден, жоғары мемлекеттік лауазымдарға үміткерлерді, соның ішінде күштік құрылым басшылары мұқият іріктеу керек. Олар Отанымызға, яғни Қазақстан Республикасына адал болуға тиіс. Ең бастысы, «Заң мен тәртіп» қағидатын басшылыққа алып, ел

бірлігін көздің қарашығындай сақтап, әділдік қағидатын барынша орнықтыру қажет. Бұл қағидатқа қарсы шығатындар «демократиялық құндылықтар» деген желеумен қоғамға іріткі салып, түбінде Қазақ мемлекеттігін жоюды көздейтіні айдан анық. Бұған еш көнуге болмайды. Заң үстемдігі – демократияның ең биік шыңы. Бұл мақсатқа жету оңай емес.

Ел Президенті сондай-ақ «Әділетті Қазақстан» туралы өз ойын ортаға салды. «Әділетті мемлекет дегеніміз – құқықтық мемлекет. Онда азаматтардың бәрі заң алдында тең болады, заңдарды, ережелерді және нормаларды қатаң сақтай отырып, жалпыға бірдей мүмкіндіктерді толық пайдалана алады. Айтпақшы, заңсыз алынған қаржы және басқа да активтерді қайтаруға қатысты жұмыстың нәтижесінде 2022 жылдан бері мемлекет қазынасына 2 триллион теңгеден астам (4,1 миллиард доллар) қаражат түсті. Бұл қаржы мектептер мен маңызды инфрақұрылым нысандарын салуға және өзге де әлеуметтік міндеттерді орындауға жұмсалып жатыр. Әділдік дегеніміз осы емес пе?!» – деп өзінің ойын қорытындылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген сұхбаты елімізге терең ой салу және биылғы атқарылатын жұмыстарға тың серпін беру үшін жасалған арнайы үндеу. Ел Президенті бәрін де тиянақтап, көпшілікке тайға таңба басқандай етіп түсіндіріп берді. Енді тек осы үлкен де жауапты міндеттерді орындау ғана қалды. Ол үшін әрбір қазақстандық «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» жұмыла еңбек етуі керек.

Қалдарбек ҚУАНДЫҚОВ,

Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының доценті, заң ғылымының кандидаты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында 2024 жылға қорытынды жасап, ел экономикасы, халықтың әлеуметтік жағдайы, елдегі заң саласына қатысты өзгерістерге жан-жақты тоқталып, маңызды мәселелерді шешуге қатысты жоспарларымен бөлісе отырып, 2025 жылда жоспарланған жаңа бастамалар мен өзгерістерді айтып өтті.

«Отан» деп соқсын әр жүрек



«Еліміздің тағдыры – жастардың қолында. Біз мәдениеті жоғары, отаншылдығын істерімен көрсете алатын ұрпақ өсіруге міндеттіміз. Қазақстанда талантты, білімді, көздеген мақсаттарына жете алатын жігерлі жастар өте көп. Сондықтан мен жастарға сенемін деп жалықпай айта беремін», – деп жастарға үміт артатынын жеткізді. Мемлекет басшысы жастарымыздың ілім, білім қуып немесе қызмет жасау мақсатында шетелге шығуға қатысты пікірін білдіре отырып, халықаралық «Болашақ» стипендиясы арқылы жас ғалымдардың шетелдегі ғылыми орталықтарда тағылымдамадан өтуіне жағдай жасалғанын және ары қарай да жасала беретінін ерекше атап өтті. Жастар кәсіби біліктіліктерін шетелдерде арттырып, білмегендерін үйренгеннен қорықпауы керек, өзгерістерге бейім, ширақ болулары тиіс.

«Еліміздің азаматтары шетелдерде жүрсе де, өз елінің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын дәріптеп, еліміздің абыройын асқақтатуға атсалысып, Отанына пайдасын тигізе алады» деген Президент пікірін қолдаймын. Мәселен, мен қазіргі таңда «Болашақ» бағдарламасы аясында Лондонның империял колледжінде химиялық инженерия, соның ішінде нанотехнология бағытында ғылыми жұмыстар атқарып жүргеніме бес ай болды. Өз басым әлемнің ең жоғарғы топ университеттерінен тағылымдамадан өту әр қазақ үшін абырой деп есептеймін. Лондонның империял колледжіндегі бес ай уақытта ғылыми зерттеу жұмысымнан бөлек, материалдарды зерттеудің физико-химиялық әдістерінің біршамасын игердім. Бұл менің алдағы уақытта өз университетім – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да дәріс оқығанда да, тәжірибелік сабақтарды жүргізгенде де материалдарды жеңіл түрде жеткізуіме септігін тигізетінін кәміл сенемін.

Сонымен қатар материалдарды зерттемес бұрын, үлгіні қалай дайындау керек және т.с.с көптеген пайдалы ғылыми тәжірибелер алудамын. Президентіміз «Мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды ету – басты мақсат» деп айтқандай, өскелең ұрпақ, яғни мына біз жан-жақты дамып, мәдениеті жоғары мықты ел болып, тәуелсіздігімізді сақтап қалуға өз өмірлерін құрбан еткен аға ұрпақтардың жолын жалғап, жүрегіміз «Отан» деп соғып, тәуелсіздігіміз үшін, келешек ұрпақ үшін білімді болуымыз керек.

Меруерт НАЖИПҚЫЗЫ,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, Лондонның империял колледжінің ғылыми зерттеушісі

«Табиғи-техногендік қауіп-қатерлер» мамандығының студенттері Әл-Фараби мұрасына арналған кураторлық сағат өткізді. Бұл шараның мақсаты білім алушыларға қазақ философиясының негізін қалаушы, ойшыл Әл-Фараби жайлы тереңірек түсінік беру, оның мұрасының қазіргі заманғы ғылым мен қоғам үшін маңыздылығын түсіндіру болды.

Кураторлық сағатқа философия және саясаттану факультеті Философия кафедрасының доценті Асқар Лесхан арнайы шақыртылды. Ол өз сөзінде Әл-Фарабидің философия ғылымына қосқан үлесі, оның адамзаттық құндылықтарға қатысты ойы мен қазіргі қоғамға әсері туралы айтып өтті. Лесхан Әмірханұлы Әл-Фарабидің

Ұлы ойшыл мұрасына арналған басқосу



білім мен ғылымға деген көзқарасын, оның әлеуметтік және табиғи дүниеге деген терең түсінігін студенттерге қызықты әрі түсінікті түрде жеткізе білді.

Студенттерге Әл-Фарабидің қоғамның тұрақты дамуы мен үйлесімділікке қатысты айтқан ойы бүгінгі

таңда өзекті екені түсіндірілді. Оның философиялық мұрасын тереңірек зерттеу мақсатында ұйымдастырылған кураторлық сағат өте мазмұнды өтті. Шарада студенттерге ұлы ойшылдың терең философиялық ойлары мен идеяларын түсінуге мүмкіндік берілді және

студенттермен бірге Әл-Фарабидің қанатты сөздеріне талдау жасады. Ол сөздердің мағынасы мен оларды қазіргі қоғам мен ғылым тұрғысынан қалай түсінуге болатынын егжей-тегжейлі түсіндірді. Әл-Фарабидің сөздерінде адамгершілік, білім, әділеттілік, мораль, қоғамның тұрақтылығы мен дамуы туралы айтылған терең ойлар ашылды.

Студенттер Әл-Фарабидің «Адамзаттың ең ұлы мақсаты – бақытты өмір сүру» және «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөздеріне ерекше көңіл аударды. Бұл ой бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтпағаны атап өтілді.

Балауса БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,

«Табиғи-техногендік қауіп-қатерлер» мамандығының 2-курс студенті

Салық кодексі өзгертуге ұсынысым бар

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында жаңа Салық кодексі жайына арнайы тоқталды. Мемлекет басшысы: «Бұл құжат салық төлеушілердің сеніміне негізделген мүлде жаңа жүйе қалыптастыруға тиіс. Кодекстің ережелерін әркім әрқалай қабылдамауы үшін оны жеңілдетіп, экономикалық тұрғыдан белсенді азаматтың бәріне бірдей түсінікті ету өте маңызды», – деп атап өтті.

Қазіргі Салық кодексі оқу өте қиын, қазақшаға дұрыс аударылмаған. Оның үстіне түзету аса көп енгізіледі. Салық кодексінің қазақша нұсқасына еш назар аудармастан, орысша нұсқасын көбірек қолданады. Себебі бір ғана мысал айтқанда, қаншама жылдан бері қолданылып келген «Салық салынатын табыс» ұғымы жаңа кодексте «Салық салынатын кіріс» деп өзгертілген. Не себепті? Табыс пен кірістің айырмашылығын білмегендіктен немесе экономикалық сауаты аз маман аударған. Сондықтан Салық кодексі әлі де кәсіби ғалымдармен және арнайы мамандармен бірлесіп отырып талдауды қажет етеді.

Жаңа Салық кодексі ағымдағы ахуалдың сын-қатерлеріне дер кезінде әрекет ететін, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын жүзеге асырудың негізгі құралы болуы қажет. Сондай-ақ қазыналық саясатты жетілдіретін салықтық әкімшілендірудің түсінікті, нақты және ашық рәсімдерін белгілеп, іскерлік белсенділікті ынталандыруға, инвестициялық тартымдылықты арттыруға, салық базасын кеңейтуге және жетілетін кіріс бөлігін нығайтуға бағытталуы тиіс.

Осыған орай, қабылданып отырған Салық кодексіне сарапшы маман ретінде бірнеше өзгерту мен түзетулерді ұсынамын:

1. Салық қызметі органының «Арнайы орган» ретінде құзыреттілігін көтеру үшін министрліктен бөліп шығарып, жеке агенттік ретінде мәртебе беру.

Салық қызметі органы қызметкерлеріне жоғары мөлшерде жалақы мен арнайы әлеуметтік пакеттердің берілуі де маңызды. Салық қызметі органын арнайы киім үлгісімен қамтамасыз ету, жұмысқа алынатын қызметкерге талапты күшейту, жауапкершілігін арттыру, мемлекеттің ең сенімді өкілі ретінде ант беру рәсімін енгізу қажет. Салық қызметкерінің құқықтары мен міндеттері мемлекет тарапынан қатаң қорғалуы тиіс. Бұл Салық қызметі органының абыройы мен беделін көтереді және сыбайлас жемқорлықтың алдын алады.

2. Салық кодексі қолдануды жеңілдету шаралары. Салық жүйесінің қолайлы болуы үшін ықшамдау керек, нақтырақ айтқанда заңдар мен нормалардан мәнсіз түсіндірмені алып тастау. Салық төлеушілер үшін түсінуі оңай және қолдануға жеңіл құжат болуы тиіс, бұл салық төлеушіге салық міндеттемесін орындауды жеңілдетеді және салық жүйесінің тиімділігін арттырады. Осыған орай, үкімет салықтар мен төлемдердің санын азайтуды, артық салық жеңілдіктерін жоюды және мүмкін болған жағдайда салық мөлшерлемесін төмендету шараларын қарастыруы тиіс.

3. Кәсіпкерлік субъектілерін салықтық есеп беруден босату қажет, ол үшін белгілі бір салық режиміне тіркелгені бойынша, есепшотына келіп түскен қаражаттан автоматты түрде салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер ұсталып қалуы тиіс. Сонымен қатар елімізде оңайлатылған салық салу жүйесі қолданылады, Қазақстанда кәсіпкерлер үшін салыстырмалы түрде қарапайым және түсінікті салық салу жүйесі бар, басқа елдерге қарағанда салық мөлшерлемесі салыстырмалы түрде төмен, көптеген салықтық жеңілдік пен ынталандыру берілген. Салық төлеушілердің салықтан жалтаруын азайту үшін арнайы салық режимдерін жеңілдету, салық жүктемесін төмендету

мақсатында ұйымдарды әдейі бөлшектеуге жол бермеу мәселесі жаңа Салық кодексінде қарастырылуы тиіс. Бұл кәсіпкерлік белсенділікті ынталандырады. Бизнеске берілетін кейбір салықтық жеңілдіктер мен артықшылықтардың салық жүктемесін әділетсіз бөлуге әкеледі. Салық заңнамасындағы жиі өзгерістердің бизнес үшін белгісіздік тудыруы мүмкін, оған бейімделу мен оны орындау үшін қосымша ресурстарды қажет етеді. Заңсыз схема мен салықтық жалтарудың орын алуына әкеледі. Бұл салық төлеушіні айтарлықтай қаржылық ауыртпалыққа әкеліп, Қазақстанға шетелдік инвестицияларды тежеуі мүмкін.

4. Елімізде қолма-қол төлем жүйесін жою. Салық төлеушілерді қолма-қолсыз төлем жүйесіне толық көшіру. Бұл салықтық әкімшілендіруді жетілдірудің негізінде үкіметте бюджеттің кіріс көзін толықтыруды арттырады және салық төлеуден жалтаруды азайтады.

5. Салықтық әкімшілендіруді цифрландыру шаралары. Заманауи технологияны пайдалану Қазақстанда салықтық әкімшілендірудің тиімділігін одан әрі арттырады. Сондай-ақ салықтық есептілікті, картокаларды, төлем жүйелерін цифрландырудың нәтижесінде қағазбастылықты азайтуға, уақытты үнемдеуге және мәліметтердің нақты болуына мүмкіндік береді. Салық төлеушілер үшін құжаттарды тапсыру мен салықтарды төлеуді жеңілдетеді және заңнаманың сақталуына ықпал етеді. Салық төлеушілер салықтарды онлайн режимде тапсырса және төлесе, электрондық салық түбіртектері мен хабарламаларды жіберсе, бұл цифрлық салық платформасының қызметін күшейтеді. Салықтық құқық қолдануды күшейтіп, бақылауды жандандыру қажет. Салықтық төлемдердің орындалуы және салық төлеуден жалтаруды анықтау үшін айыппұлдар мен өсімпұлдарды, пайыздар және қылмыстық

айыптауларды қоса алғанда, салық төлеуден жалтарғаны үшін қатаң жаза қолдануы тиіс.

6. Салық саясатында ашықтықты қамтамасыз ету. Ашықтық салық төлеушілер мен үкіметтің арасындағы сенімді нығайтады. Ашықтықтың болмауы сыбайлас жемқорлыққа мүмкіндік туғызуы және салық заңнамасының сақталуына нұқсан келтіруі мүмкін. Салық деректері көпшілікке қолжетімді болуы керек. Салықтың статистикасы, яғни салықтық түсімдер мен салық мөлшерлемесі және салық төлеушінің саны жариялануы тиіс. Сондай-ақ салық төлеушілер үшін бюджетке түскен салықтық түсімдердің елдің игілігі үшін қалай пайдаланылатыны және қандай мақсаттарға жұмсалғаны жөнінде нақты түсініктемелер берілуі қажет.

7. Мемлекеттік мекемелердің арасындағы үйлесімділікті арттыру мақсатында Салық қызметі органына ерекше құзыреттілік беру, яғни барлық органның ақпараты мен мәліметіне қолжетімді болуы. Үйлестірудің болмауы күш-жігердің қайталануына, салық төлеушілер арасында шатасуға және ресурстарды тиімсіз пайдалануға әкеледі. Салық қызметі органы салық саясаты мен әкімшіліктің елдің экономикалық және әлеуметтік мақсатына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін Қаржы, Әділет, Экономика министрліктерімен және басқа да мемлекеттік органдармен тығыз жұмыс істеуі тиіс.

8. Тікелей және жанама салықтарды оңтайлы түрде ұштастыру. Қазақстанда тікелей және жанама салықтың оңтайлы үйлесуі әртүрлі экономикалық факторларды мұқият есепке алуды талап ететін күрделі міндет. Жеке тұлғаның табысынан жеке табыс салығы, заңды тұлғаның табысынан корпоративтік табыс салығы алынады. Қосылған құн салығы және акциз салығы жанама салық ретінде сату нүктесінде тауарлар мен қызмет көрсетуден алынады. Салықтың осы

екі түрін тиімді үйлестіру үшін уәкілетті органдар экономикалық өсу мен әлеуметтік әл-ауқатқа ықпал ету мақсатында кіріс қажеттілігін теңестіруі тиіс. Байлықты қайта бөлу және табыс теңсіздігін азайту үшін тікелей салықтарды пайдалану, ал жанама салықтар кіріс алу және тұтынуды ынталандыру үшін қолданылады. Сонымен қатар салықтың осы екі түрін пайдалану арқылы тұрақты экономикалық өсуге және әлеуметтік қамсыздандыруға ықпал етеді, сондай-ақ мемлекеттік қызмет пен бағдарламаны қаржыландыру үшін қажетті кірістің көзі бола алады.

9. Үдемелі табыс салығының мөлшерлемесін енгізу. Қазақстанда жеке тұлғаның табысына және жеке табыс салығына үдемелі салық мөлшерлемесін енгізу бірнеше әлеуетті нәтижелерге қол жеткізеді: біріншіден, үдемелі салық жүйесінің негізінде табысы жоғары тұлғалар табысының көп пайызын, ал табысы төмен тұлғалар табысының аз пайызын салық түрінде төлейді. Бұл кірістердің теңдігіне әкеледі, себебі байлығы көп тұлғалар үкіметтің кірісіне өз ресурстарының мол үлесін қосады; екіншіден, бұл табысы жоғары адамдарды инвестициялауға немесе жаңа бизнес құруға ынталандырады. Бұл экономикалық өсуге және елде жаңа жұмыс орнының пайда болуына оң әсер етеді; үшіншіден, Қазақстанда үдемелі салық жүйесін енгізудің салдары нақты салық мөлшерлемесі мен шекті мәндерді, елдегі экономикалық ахуалды және үкіметтің жаңа жүйені тиімді енгізу және басқару қабілетін қоса алғанда, көптеген факторларға байланысты болады.

Ғалымжан ЕСҚАРАҰЛЫ,
Қаржы және есеп кафедрасының меңгерушісі,
экономика ғылымының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

Ұлттық даму жоспарында (2029 жылға дейінгі) білім беру жүйесінің қолжетімділігі мен сапасы елдегі адами капиталдың сапасын, еңбек өнімділігінің деңгейін және мамандардың бәсекеге қабілеттілігін анықтайтыны атап өтілді. Білім берудің тиімділігіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі оның еңбек нарығының өзгеріп отыратын талаптарына сәйкестігі екені даусыз.

Химия және химиялық технология факультетінде түрлі химиялық өндірістерге қажетті дағдысы бар мамандар даярланады. Факультеттің оқытушы-профессорлық құрамы жұмыс берушілер тарапынан білім беру қызметіне объективті сараптамалық баға беру, білім беру бағдарламалары мен оқу процесіне қажетті өзгерістер енгізу үшін отандық өндірістік кәсіпорындармен үнемі байланыста болады. Хи-

Студенттер кәсіпорынға барды

мия және химиялық технология факультетінің «Химия» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 4-курс студенттері «Тұрмыстық химия тауарларын сараптау» пәні аясында «Goldman and Young» ЖШС-на барды.

